


# Ғаубил мурдамы



ТҮРКИСТАН-2004

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Баспа редакциясы



# Ғалым мұраты

150302-  
К.А. Ясауи атындағы ХҚТУ  
КІТАПХАНА  
Түркістан қаласы

аб.

1378

Түркістан - 2004

**ББК 72**  
**F31**

Редакция алқасы: С.Ж.Піралиев, А.Ювалы, Қ.Ергөбек,  
Ш.Ибраев (Бас редактор), А.Қазмағанбетов

**F31** Ғалым мұраты: (Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Р.Бердібайдың 75 жылдығына арналған конференция материалдары, 1 қараша 2002 жыл Түркістан қаласы) ХҚТУ баспаханасы, Түркістан – 2004. 271 б.

**ISBN 9965-450-96-X**

Бұл кітапқа 2002 жылдың 1 қарашасында Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өткен “Ғалым мұраты” атты ғылыми конференцияның материалдары: ғалым Р.Бердібайдың сан-салалы ғылыми, мәдени, азаматтық еңбектеріне жан-жақты талдау жасалған Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Ресейдің жетекші ғалымдарының баяндамалары мен мерейтойлық құтықтаулары енгізілген.

Кітап ғылыми қызметкерлер мен оқытушыларға, аспиранттар мен ізденушілерге, жоғары оқу орындарының студенттері мен жалпы көпшілік қауымға арналған.

**ББК 72**

**F** 1401000000  
00(05)-03

**ISBN 9965-450-96-X**

©Ғалым мұраты, 2004



Р. БЕРДИБАЙУЛЫ

Құрметті Рахманқұл Бердібайұлы!

Сізді өміріңіздегі өрнекті бетес — 75 жасқа толған тойқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз бастауыш мектептегі ұлағатты ұстаздықтан Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспондентіне дейінгі жарқын жолдан өтіп, шөл әдебиетіміздің бірқатар бағыншаарының қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосып, нағыз зерттеушілік дарынныңызыды көрсете білдіңіз.

Қоғамдық жұмыстан да қол үзбей заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтің мұражай-үйіндегі халық университетін ұзақ жылдар бойына лайықты басқаруыңыз да жұртшылық жадында.

Соңғы жылдарда ғылыми зерттеулеріңізді жалғастыра жүріп жас ұрпақ тәрбиесіне белсене ден қолдасыз.

Осынау мерейтоймен құттықтай отырып, құрметті Рахманқұл Бердібайұлы, Өзіңізге зор денсаулық, тың шығармашылық табыстар, отбасыңызға береке-бірлік тілеймін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Р. Назарбаев

Н. НАЗАРБАЕВ

Астана,  
2002 жылғы қазан

## **Қадірлі Рахманкүл Бердібайұлы!**

Сізді бүгінгі мәртебелі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Асқаралы бұл белесті Сіз белгілі әдебиет сыншысы, фольклоршы, түркітанушы, қоғам және ғылым қайраткері ретінде қарсы алып отырсыз. Сонау алпысыншы жылдардан бастап бүгінге дейін жарық көрген сүбелі дүниелеріңіз ұлттық әдебиетімізге қосылған елеулі үлес болды. Шығыстың айтулы лирик-ақындарының шығармашылығы жөніндегі еңбектеріңіз, өзіңіздің жетекшілігіңізбен қайта басылған халқымыздың ежелгі дастандары осы саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының көкжиегін кеңейтуге, зерттеушілік мектебінің қалыптасуына оң ықпал етті. Қазіргі кезде де бейнеті мол ғылыми шығармашылық, қоғамдық қызметіңіз арқылы көпшілік құрметіне бөленіп келесіз. Құрметті Рахманкүл Бердібайұлы, осынау мерейтойыңызбен құттықтай отырып, сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, ғылыми-педагогикалық шығармашылық және қоғамдық қызметіңізге әр кез зор табыс тілеймін.

**ҚР Парламенті сенатының төрағасы**

**О. Әбдікәрімов**

## **Қадірлі Рахманқұл аға!**

Сізді өміріңіздегі тағы бір асқаралы белес – 75 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыз.

Халқымыз өзіңізді ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым, өз ұлтының небір асыл қазына, мұраларының қамқоршысы, ұлтжанды қайраткер ретінде жақсы біледі. Сіздің сыншы-публицист ретіндегі ұлт мәдениетін көркейтуге бағытталған

еңбектеріңіз, ауыз әдебиетін зерттеудегі және бауырлас түркі халықтары әдебиетіне байланысты жасаған ғылыми жұмыстарыңыз бүгінгі егеменді еліміздің жарқын ертеңі үшін де игілікті қызмет ете беретініне сенімдімін.

Осы орайда өзіңізге зор денсаулық тілей отырып, ғұмырыңыздың ұзақ болуына, бұдан былай да шығармашылық табыстарға жетіп, отбасыңыздың бақытты да шаттықты бола беруіне тілектестігімді білдіремін.

**Ізгі ниетпен      Қасымжомарт Тоқаев**

## **Аса қадірлі Раха!**

Жетпістің биігіне жеткізген мерейлі жасыңыз құтты болсын! Сіз ұлт намысын қызғыштай қорғаған, алаштың абыройын асқақтата білген, бүкіл ғұмыры ұлттық фольклорға, түркітануға арналған тұлғалы ғалымсыз. Ұстазыңыз Әуезовтен кейінгі төл әдебиетіміздің осы саласының көш бастаушысы болып, бас бұйданы қолға ұстап келесіз. Туысқан түрік халықтары арасында ежелден келе жатқан терең тамырлы рухани байланысты зерттеулеріңіз – ұлтымыздың мәдени құнды мұралары, мұның сыртында жеке өзіңіздің азаматтық абзал қасиеттеріңіз – әділдік, шыншылдық, қайраттылық пен көсемсөз шешендігіңіз бітім – болмысыңызды өзгелерден даралай түседі. Қадірлі Раха! Сарабдал жасқа салиқалы жолмен жеткен Сіз бүгінгі қазақ мәдениеті қара шаңырағының төріндесіз. Күйлі-қуатты болыңыз, отбасыңызға амандық, береке тілеймін.

**ҚР мәдениет ақпарат және қоғамдық  
келісім министрі**

**Мұхтар Құл-Мұхаммед**

## Құрметті Рахманқұл аға!

Сізді Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректораты 75 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіз сыншы-публицист ретінде "Қазақ әдебиеті" газетінде қызмет істеген 1955-1959 жылдарда қалыптастыңыз. Сол уақытта әдебиет тарихы, мәдени мұра, қазақ тілінің тағдыры туралы бірнеше мақалалар жазып, Қазақстан үкіметінің ұлт мәдениетін көркейтуге бағытталған үш бірдей қаулысының алынуына себепкер болдыңыз.

Сіздің 1960-1972 жылдар арасында әдебиет тарихы мәселелерімен тереңірек айналыса отырып, көп қырлы жанр – романның қалыптасу жолдары, шеберлік деңгейі, көркемдік жаңалықтары жөнінде зерттеулер жариялағаныңыз белгілі. Бұл кездерде тікелей өзіңіздің басшылығыңызбен "Қазақ фольклорының типологиясы", "Қазақ тарихи жырларының мәселелері", "Фольклор шындығы", "Фольклордың тарихилығы", "Ауыз әдебиетінің архаикалық жанрлары", "Фольклордың поэтикасы" секілді коллективтік монографиялар жазылды. Көне, қаһармандық, ғашықтық, нақтылы тарихи жырларды жанрлық-стадиялық сипаты жағынан зерттеу жөніндегі концепцияңыз эпостануда жаңа бағыттың негізін салса, "Байқалдан Балқанға дейін", "Жұлдыздар жарығы", биыл ғана жазып біткен "Түбі бір түркіміз" атты еңбектеріңіз де туысқан түрік халықтарының этникалық тарихы, фольклоры, әдебиеті, мәдени дәстүрі жөнінде қызықты мағлұматтар берді.

Сіздің сыншылық, әдебиетшілік, фольклоршылық, түркітанушылық, публицистикалық ізденістеріңіз 38 кітап, 1200 мақала түрінде жарыққа шықты. Ана тілі, мәдени мұра, ұлттық дәстүр тағдыры туралы мақалаларыңыз мәселені өткір қоюымен, жолдауларының нақтылығымен және батылдығымен ерекшеленеді. М.Әуезов мұражай үйінде 35 жыл бойында Алматы қаласының қазақ әдебиеті мен өнері халық университетін басқарғаныңыз, қазақ халқының соңғы 1500-2000 жыл бойындағы тарихы мен мәдениеті тақырыбына 500 дәріс өткізгеніңіз, "Қазақ тілі" қоғамының төрағасы болған жылдары бірнеше ұлт мектептерінің ашылуына себепкер боғаныңыз да жадымызда.

Сіздің әдебиет сыны, тарихы, фольклортану саласындағы көрнекті еңбектеріңізді жоғары бағалап, Қазақстан үкіметі "Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер", "Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері" атағын берді.

Аса қадірлі Раха! Түркістан қаласының руханият орталығына айналуына зор үлес қосып жүрген Сізге алдағы уақытта ұзақ өмір тілейміз! Отбасыңыз аман, деніңіз сау болсын!

ХҚТУ президенті, академик

О.Сәбден



## Құрметті Рахманкүл Бердібайұлы!

Сізді 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыздың даңқты перзенті, айтулы ғалымы – Сіз қатардағы кеншіден Ұлттық Ғылым Академиясы корреспондент-мүшесі биігіне дейін үлкен өмір жолынан өттіңіз. Өмір белесінің қандайынан да абыроймен өтіп келе жатқан Сіздің өзгеге көрсетер өнегеніз мол. “Қазақ әдебиеті” газетінде тілші болған жылдарда ұлт тағдыры жайында толғауыңыз, “Қазақ совет энциклопедиясының” ұлттық энциклопедия сипатында шығуына атсалысуыңыз, Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінде ұзақ жылдар қоғамдық негізде ректорлық қызмет атқаруыңыз – Сізді ұлттық үлкен тұлға тұғырына көтерді.

Әдебиет сыншысы ретінде елеулі еңбек еткен Сіз “Әдебиет және өмір”, “Роман және заман”, “Қазақ прозасындағы замандас бейнесі”, “Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы”, “Дәстүр тағлымы”, “Қазақ романы”, “Қазақ тарихи романы” аталатын толымды туындылар бердіңіз.

Қаламыңыздан туған “Қазақ эпосы”, “Сарқылмас қазына” “Кәусар бұлақ”, “Эпос – ел қазынасы”, “Жыршылық дәстүр”, “Айтыс әлемі” секілді еңбектер Сізді үлкен фольклоршы ретінде танытты.

“Туған жерге туыңды тік” деген қағиданы берік ұстаған Сіз алғашқы лекте Түркістанда жаңа ашылған Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне профессор болып оралып, ұстаздық қызметіңізді сабақтадыңыз. Сізді түрік халықтарына ортақ өзекті мәселелер көтеріп, “Байқалдан Балқанға дейін...”, “Ел боламыз десек...” сынды публицистикалық кітап жазуыңызға бұл игі ықпал тигізді.

Бірсыпыра еңбектеріңіз шетел тілдеріне аударылып жарияланды. Еңбегіңіз жоғары бағаланды. Отанымыздың “Парасат” орденімен марапатталдыңыз. Сіз ие болған шетел марапаттаулары да бірсыпыра.

Құрметті Рахманкүл Бердібайұлы, Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, зор денсаулық, шығармашылық шабыт, толайым табыс тілеймін!

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі

Б.Жылқышиев

## **Аса қадірлі Рахманкүл Бердібай мырза!**

Сізді 75 жылдық мерейтойыңызбен қала Әкімияты мен қалалық мәслихат шын жүректен құттықтайды.

Біз сізді ғұлама ғалым, филология ғылымының докторы, Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, “Түркі әлеміне ерен қызметі үшін” Халықаралық сыйлықтың, Махмуд Қашқари атындағы сыйлықтың иегері, қасиетті Түркістанның төл перзенті ретінде өте жақсы танимыз.

Халықаралық деңгейде өткізілген көне шаһардың 1500 жылдық мерейтойы мен кеше өткен Дүниежүзі қазақтарының ІІ-ші құрылтайының өтуіне көп еңбек сіңірген зиялы қауымның көш басшысы ретінде де білеміз. Және өзіндік парасатымен, ақыл-ойымен, мол жігер-күшімен, қайратымен көрінген қазақ халқының асыл перзенті екендігіңізді мақтан тұтамыз.

Құрметті Раха! Бүгінгі шыққан торқалы тұғырыңыз құтты болсын! Қазақ жұрты алдындағы адалдық, еңбекшілік, азаматтық қасиеттеріңіздің қайнары арта берсін. Қалың елді сарқылмас шығармашылық дүниелеріңізбен қуантып, сусындата түсіңіз. Әрқашан бүгінгідей ардақты қалпыңызбен ортамызда аман-есен жүре беріңіз.

**Ізгі ниетпен**

**Түркістан қаласының Әкімі  
Қалалық Мәслихат хатшысы**

**Ө.Әметұлы  
З.Еркебалаев**

## **Құрметті Рахманқұл Бердібай!**

Сізді көрнекті түркітанушы-ғалым, әдебиет сыншысы, публицист, қоғам қайраткері ретінде жақсы білеміз.

Сіз 1927 жылы 2 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысының киелі Түркістан өңірінде дүниеге келдіңіз. Орта мектептен кейін 1943-1944 жылдары Түркістан педагогика училищесінде білім алып, 1945 жылы ҚазМУ-дың тіл-әдебиет факультетіне оқуға түстіңіз.

Ұстаздық жылыңызды қатардағы мұғалімдіктен бастап, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің инспекторы болып қызмет еттіңіз. 1953-1954 жылдары ҚазМУ-дың аспирантурасында оқып, “Қазақ әдебиеті” газетінде сыншы-публицист ретінде танылдыңыз. Қазақ Кеңес энциклопедиясы Бас редакциясының жауапты хатшысы, ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклор бөлімінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқара жүріп, жоғары оқу орындарында дәріс бердіңіз, докторлық диссертация қорғадыңыз. ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті болып сайландыңыз. 1995 жылдан бері А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессорысыз.

Ғылыми ортаны елең еткізген “Әдебиет және өмір”, “Қазақ прозасындағы замандас бейнесі”, “Дәстүр тағылымы”, “Тарихи роман”, “Мұхтар шыңы”, “Кәусар бұлақ”, “Жыршылық дәстүр”, “Айтыс әлемі”, “Байқалдан Балқанға дейін” т.б. туындыларыңыз әдебиетіміздің алтын қорына қосылды, көптеген шетел тілдеріне аударылды. “Қазақ фольклористикасының тарихы” атты зерттеу еңбегіңіз үшін Ш.Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлыққа ие болдыңыз. Сізге әдебиет пен ғылымға қосқан мол үлесіңіз үшін “Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер”, “Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері” атақтары беріліп, “Парасат” орденімен, “Еңбектегі ерлігі үшін”, “Еңбек ардагері” т.б. құрмет грамоталарымен марапатталдыңыз.

Сізді 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, өзіңізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық, бақыт тілеймін!

**Алматы қаласының Әкімі**

**В.Храпунов**

## **Құрметті Рахманкүл Бердібай аға!**

Сізді 75 жасқа толған мерейлі тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Сіздің осынау ғұмырыңыздың, халқымыздың рухани байлығын көтеруде орасан еңбегіңіздің кейінгі ұрпаққа өнеге етері көп.

Сіз бүкіл саналы ғұмырыңызды бұралаңы мен қиындығы, ыстығы мен суығы мол әдебиетке, ғылымға арнадыңыз. Өзіңіздің бойыңызға біткен табандылықтың, ізденімпаз іскерліктің, қайсарлықтың, ерекше елгезектіктің арқасында ауылдағы мектепте ұстаздық етуден бастап ғұлама ғалым дәрежесіне дейін өрледіңіз. Бүгінде Сіздің есіміңіз көрнекті әдебиет қайраткері, ғалым ретінде республикамызға, сондай-ақ сырт елдерге де танымал. Сіз танымал сыншы, әдебиетші, фольклоршы, түркітанушы, публицист, Ұлттық Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, Ш. Уәлиханов атындағы және “Түрік дүниесіне қызмет сыйлығының” иегері, Ресейдің халықаралық психология академиясының, халықаралық Шыңғыс Айтматов қоғамдық академиясының мүшесі бола отырып, халықтық өнердің, әдебиеттің, ғылымның өркендеуіне үлкен үлесіңізді қостыңыз.

Сіз Байкалдан Балқанға дейін өмір сүріп жатқан бүкіл түркі дүниесінің бүгінгі таңдағы “Дәде Қорқыты” атандыңыз.

Сіздің әдебиетте, ғылымда, қоғамдық қызметте атқарған көпжылдық еңбектеріңіз халқымыздың игілігіне жарап, мемлекеттік марапаттаулар мен құрмет белгілеріне, сыйлықтарға шын мәнінде маңдай теріңізді төгіп, күш қайратыңызды жұмсап, адал еңбектің арқасында жеттіңіз.

Бүгінгі мерейлі 75 жасыңызда еңбегіңіздің жеміс нәрін татып, отбасы қызығын көріңіз, шаңырағыңыз шаттықтан арылмасын.

Мерейтойыңыз құтты болсын!

**Ізгі тілекпен,**

**Сайрам ауданының Әкімі**

**Қ.Айтаханов**

## Аса құрметті Рахманқұл Бердібай аға!

Бүгін Сізді Киелі бабалар жатқан, ата жұртыңыз – тарихы бай шежірелі Созақ елінің аудан әкімшілігі мен аудандық мәслихатының атынан мерейлі тойыңыз-75 жасқа толу қуанышыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сіздің қазақ ғылымын, әдебиеті мен мәдениетін өркендетіп қалыптастырудағы еңбегіңіз ерекше екенін бүкіл Түркі жұрты, қазақ зиялы қауымымен бірге Теріскей елі деп аталатын Созақ ауданының бүкіл халқы жақсы біледі.

Сіздің қаламыңыздан туған мыңнан аса мақалаларыңыз бен қазірге дейін жарық көрген отыздан астам жеке кітаптарыңыз жастарды елін сүйіп, ұлтжандылыққа тәрбиелеуге теңдесі жоқ рухани көусар деп ұғып, тамырында қазақ қаны тулаған әрбір ел азаматы өзінің жан дүниесінің ең қастерлі қазыналарының бірі деп санайды. Сол үшін де ертелі-кеш берілген барлық ең жоғары ғылыми атақтар мен ғылым саласында берілетін құрметті марапаттаулар сіздің тау тұлғалы болмысыңызға өбден лайық деп білеміз. Сіздің жүрегіңізді жарып шыққан ірілі-ұсақты ғылыми зерттеу еңбектеріңіздің ішінде 30-дан астамы біздің Созақ ауданы, оның киелі топырағында туып-өскен айрықша дарын иелеріне, шайырлар мен жыршыларға, халық мұрат-мүдделерін аңсар еткен ардагер тұлғалар мен күйші шеберлерге арналуының өзі біз үшін үлкен мақтаныш. Сол үшін де Сізді, қадірлі аға, Созақ елі өзіңізді төл перзенті деп танып, сол елдің бүгінгі таңдағы ең марапат атағы “Созақ ауданының құрметті азаматы” деп таныған болатын.

Сіздің есіміңіз ұрпақтардан ұрпаққа ұласып, қарт Қаратаумен бірге мәңгі жасасын деп Мыңжылқы биігінің қапталындағы үлкен бір шыңға „Рахманқұл Шыңы” деп ат қойды. Сіз өзіңіз сүйіп, қастерлеген халықыңызбен бірге жасайтын айтулы тұлға болып қала бересіз.

Сіздің есіміңіз қазақ ауқымынан көп алысқа шығандап, бүкіл түркі жұртына етене жақын, әрі қадірлі. Сол үшін де Сізді бұл күнде Түркі дүниесі “Бүгінгі Қорқыт ата” деп атай бастады. Өйткені Сіз Түркі халықтарының тек қана қандас бауыр ғана емес, сонымен бірге көп мыңдаған жылдық рухани, мәдени түп-тамырларының бір екенін күн сайын біздің құлағымызға құйып, санамызға сіңіріп, ғылыми дәлелдеп келесіз. Лайым да осы ұлы еңбектеріңіз жалғаса берсін, осы жолда Тәңіріміз Сізге сарқылмас қуат берсін!

Қадірменді Рахманқұл аға! Сізді Созақ жерінің пейілі кең, өзіңізге етене таныс барша жұртшылығы атынан тағы да мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Деніңіз сау, өміріңіз ұзақ, отбасында береке болып, балаларыңыз бен немере-шөберелеріңіздің қызығын көріп, бақытты өмір сүруіңізге тілектестігімізді білдіреміз.

Созақ ауданының Әкімі  
Созақ ауданы мәслихатының хатшысы

С.Әбдікүлов  
С.Мұсабеков

## Аса құрметті Рахманқұл аға!

Сізді 75 жасқа толған асқаралы мерейтойыңызбен Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы ғалымдарының атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақ халқы әмәнда парасаты биікке самғаған, көкірегі ұлтының арманын көксеген аяулы перзенттерін қадыр тұтқан. Біз де Сізді сол санаулы ғалым-қайраткерлердің қатарынан көреміз. Өйткені, қолыңызға қалам алғаннан бастап Сіздің ой-ниетіңіз, арман-мұратыңыз ұлт мүддесімен біте қайнап, бірге шындалды. Шындыққа перде қойылған, ақиқаттың жотасына сына қағылған қасаң жүйенің басылымдарында жарияланған мақалаларыңыз арқылы да елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтай алдыңыз. Мұндай дүниелеріңіз үшін сан мәрте ескерту алсаңыз да, тоталитарлық басқарудың қырын қабағына іліксеңіз де, алған бетіңізден қайтпадыңыз. Ақыры қазақ елі өзіңіз көздеген мақсатқа жетті. Талай жыл ғылымда үздіксіз талмай қызмет етіп, айтулы еңбектер жариялап, халқыңыздың мүддесін қорғадыңыз.

60-80 жылдардың көзі ашық, көкірегі ояу жастары М.Әуезовтің мұражай-үйінде Сіз басқарған мәдениет университетінде тындаған дәрістерін әлі де рухани азығы санатында аялайды. Сан ұрпақтың зердесіне азаматтық, отан сүйгіштік сәуле құйдыңыз. Егер сол тұстағы жігіттер мен қыздар өз ұлтын шын мәнінде сүйеді, тілдің қадірін біледі десек, онда Сіздің де үлкен үлесіңіз бар. Ұлт мәдениетіне алтыннан да қымбат қазына қостыңыз.

Түркі бірлігінен гөрі түлкі бұлаң тірлік қымбат болған заманда тегіміздің бастау көздерін іздеп, зерделі зерттеулер жүргіздіңіз. Бұл ниетіңіз де орындалды. Қаны бір, тілі ұқсас, жаны бір, түрі ұқсас түркілер бірлік туының астында топтаса бастады.

Ғылым әлемінде Сіздің есіміңіз бас әріппен жазылады. Қазақ елі өзіңізді халық қадірлісі, абыздай көреді. Сондықтан біз де Сіздің бар болмысыңызды “Алаштың ардақты ақсақалы” деген қасиетті ұғыммен байланыстырамыз. Сізді ХХ ғасырдың басында ел мүддесін ойлап күрескен арыстарымыздың арман-мұратын ХХІ ғасырға жеткізушілердің бірегейі, Ұлт зиялысы деп танимыз!

Өмірдегі сапарыңыз ұзақ болсын!

**ҚР ҰҒА вице-президенті**  
**ҚР ҰҒА академигі**

**Ө.М.Сұлтангазин**  
**А.Қ.Қошанов**

## Аса құрметті Рахманкүл Бердібай!

Органикалық катализ және электрлік химия институтының дирекциясы мен ұжымы Сізді мерейтойыңызбен игі ниетпен құттықтайды.

Қымбатты Рахманкүл Бердібай! Сіздің халық мәдениетіне арнаған ғылыми-ұстаздық жолдарыңыз өміріңізбен біте қайнаса ұштасып келе жатыр. Халық пен жас буындар Сізді ұлағатты ұстаз, көрнекті сыншы, әдебиетші, фольклоршы, түркітанушы, публицист және халқымыздың ұлы ғалымы ретінде танып отыр.

Қазақстанның ұлт мәдениетін көркейтуде Сіздің әдебиет тарихы, мәдени мұра, қазақ тілінің тағдыры туралы өнімді еңбектеріңіз халық қазынасына елеулі із қалдырды. Зерттеушілік қызметіңіздің бір саласын түркі тілдес халықтарының этникалық тарихын, фольклорын, әдебиетін, мәдени дәстүрін зерттеуге арнадыңыз. Публицист жазушы ретінде Сіз ұлт мұрасы мен намысына қатысты мәселелерден бейтарап қалмадыңыз.

Сыншылық, әдебиетшілік, фольклоршылық, түркітанушылық, публицист саласындағы зерттеулеріңіз 38 кітап, 1200 мақала түрінде жарыққа шығып, бүкіл Евразия, Түрік әлеміне танымал тұлға болып отырсыз. Ұлттық Ғылым Академиясының мүшесі ретінде күрделі қоғамдық істеріңізбен де үлкен абыройға бөлендіңіз.

Сіздің ғылыми жетекшілігіңізбен отыздан астам докторлық және кандидаттық диссертация қорғалды. Қазақ халқының соңғы 1500-2000 жыл бойындағы тарихы мен мәдениеті тақырыбына өткізілген 500 дәрісіңіз үшін Бүкілодақтық “Білім” қоғамының ең үлкен сыйлығы – Вавилов медалімен, Түрік әлеміндегі қызметіңіз үшін, Қазақстан егеменді ел болғалы бері туған еліңіз үшін атқарған еңбектеріңіз үшін көптеген мемлекеттік сыйлықтармен марапатталдыңыз.

Рахманкүл аға, Сіз өте ойшыл, ұлтжанды, ел тарихы мен әдебиетіне, оның тағдырына өте жанашырлықпен қарайтын тұлға, әдебиетші, тарихшы ретінде тегіне, тарихына, рухани қазынасына құштар жастар үшін үлгілі ірі тұлға болып отырсыз. Институт ұжымы Сізге мол денсаулық, отбасыңыз бен туыстарыңызға бақыт, үлкен жетістіктерге талмай жете беруіңізді тілейді.

Институт директоры, ҚР ҰҒА академигі

М.Ж.Жұрынов

## Аса қадірлі Рахманқұл аға!

Айтулы азаматқа тән ерекше қасиетіңіз бен ел игілігіне сіңірген еңбегіңіз арқасында үлкен құрметке бөленіп, бүгінгі күні 75 жасқа толып отырсыз! Сізді көрнекті сыншы, фольклортанушы, түркітанушы, публицист, ұлағатты ұстаз, танымал әдебиетші-ғалым ретінде тек қазақ халқы емес, бүкіл түрік дүниесі біледі. Қазақ сөз өнерінің қайнар бұлағы – ауыз әдебиетін зерттеу саласындағы еңбектеріңіз өзіңіздің ізіңізге ерген фольклортанушы жас ғалымдарға үлкен мектеп болғаны сөзсіз. “Қазақ фольклорының типологиясы”, “Қазақ тарихи жырларының мәселелері”, “Фольклор шындығы”, “Фольклордың тарихилығы”, “Ауыз әдебиетінің архаикалық жанрлары”, “Фольклордың поэтикасы” сияқты Сіздің сүбелі еңбектеріңіз – сөз жоқ қазақ фольклористикасына қосылған қомақты дүниелер.

Сіздің сыншы, әдебиетші-ғалым ретіндегі ізденістеріңіздің түбі бір туысқан түрік халықтары әдебиетінің тамыры тереңге кеткен байланыстарын, рухани бірлігін зерттеуде тағылымы өте мол. „Әдебиет және өнер”, “Роман және заман”, “Қазақ прозасындағы замандас бейнесі”, “Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы”, “Дәстүр тағылымы” тәрізді еңбектеріңіздің қазақ әдебиеттануындағы орны ерекше екенін айрықша айтар едік.

Сіздің қаламыңыздан туған ана тілі, мәдени мұра, ұлттық дәстүрдің бүгінгі халі туралы мақалаларыңыз – осы заманғы публицистиканың жоғарғы үлгісіндегі өмір шындығын дөп басатын көсем сөз. Әсіресе, “Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері”, “Музыка мұқтажы”, “Әдебиет пәні және оқулық”, “Шығыс қазынасы”, “Қазақша энциклопедия қажет” атты проблемалық мақалаларыңыз көпшіліктен қызу қолдау тапты.

Сіздің атыңызға лайық атақтарыңыз : Қазақстанның ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, Ш.Уәлиханов атындағы және “Түрік дүниесіне қызмет сыйлығының иегері” тағы да басқа толып жатқан Республикалық және Халықаралық дәрежедегі марапаттауларыңыз – ұлт мұраты мен намысына қатысты мәселенің ешқайсысынан бейтарап қалмай, халық санасын оятуға дарыныңыз бен біліміңізді сарқа жұмсап келе жатқан ерен еңбектеріңіздің дәлелі деп бағалаймыз.

Сізге және Сіздің отбасыңызға береке мен бірлік, қуаныш пен бақыт тілейміз. Халқыңызға, ғылымға сіңірген еңбектеріңіз өзіңіздің ісіңізді жалғастырушы ұрпақ арқылы жалғасын тапсын дей отырып, 75 жылдық мерейтойыңыз құтты бола берсін демекпіз.

**Құрметпен Қорқыт Ата атындағы  
ҚМУ ректоры, т.ғ.д, профессор**

**Қ.А.Бисенов**



## Аса құрметті Рахманқұл Бердібайұлы!

Батыс Қазақстан аймағының ең ірі, іргелі оқу орны Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректораты, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер ұжымы Сізді 75 жылдық атаулы мерейтойыңызбен ыстық ықыласқа толы шын жүректен құттықтайды.

Сіздің есіміңіз аса көрнекті сыншы-публицист, зерделі зерттеуші, фольклортанушы ғұлама ғалым, танымал түрколог, ұлағатты ұстаз, қажырлы қоғам қайраткері, ұлт болашағы жолында жанпидаға барған зиялы азамат ретінде республика жұртшылығына, одан әрі алыс - жақын шетелдерге кеңінен мәлім.

Сіз ең алғаш сыншы-публицист ретінде әдебиет тарихы, мәдени мұра, тіл тағдырының толғағы жеткен, өз кезінде өзгелердің жүрегі дауаламайтын өткір мәселелерін көтеріп, қалың жұртшылық санасында зор бедел-абыройға ие болдыңыз. Бүгінгі күні де ұлт мүддесін әрқашан бәрінен жоғары қоятын азаматтық, күрескерлік мақсат-мұраттар Сіздің өмірлік берік сеніміңізге айналғанының толық куәсі болып отырмыз. Мұның бәрі Сіздің ел тағдырына деген перзенттік, жанашырлық мінездеріңіздің жарқын мысалдары.

Қадірлі Раха! Сізді қазіргі ғылым әлемі қазақ фольклор ілімінің көшбасшысы қатарында танып, қырғыз халқының ұлы эпосы „Манастың“ даңқын әлемге әйгілеп, өшпес еңбек сіңірген қазақ ғұламалары Ш.Уәлихановтың, М.Әуезовтың, Ә.Марғұланның игі еңбектерін жалғастырып жүрген бүгінгі манастанушылардың бірегейі деп біледі.

Сіздің сыншылық, әдебиетшілік, фольклоршылық, түркітанушылық, публицистік саласындағы ізденістеріңіз 38 кітап, 1200 мақала түрінде жарық көргенінен біздің университеттің филолог ғалымдары мен студент жастары өзіңіз оқыған лекцияларыңыз арқылы жақсы таныс.

Әдебиет сыншысы және аса көрнекті ғалым ретінде Ақтөбе өңірінен шыққан әдебиет, өнер, мәдениет қайраткерлерін республикамыздың қалың жұртшылығына жете танытудағы сіздің сіңірген еңбегіңізді біздің облыс жұртшылығы әрқашан жоғары бағалайды. Күй өнерінің хас шебері, академиялық Құрманғазы оркестрінің алғашқы ұйымдастырушыларының бірі жерлесіміз Қамбар Ерқожаұлы Медетовтің күй мұрасын ұзақ жылғы үзілістен кейін қазақ энциклопедиясына енгізіп, облыс, республика жұртшылығымен қайта қауышуына мүмкіндік ашып, дәулескер күйші жайлы іс-шаралардың негізгі ұйтқысы болғаныңыз баршаға аян. Ақтөбелік ақын-жыраулар, жазушылар, ғалымдар, көптеген жас таланттар жайлы газет, журнал беттерінде арнайы мақалалар жазып, оларды шығармашылық жағынан қанаттандырып, көпшілікке танытудағы игі істеріңізді біздің облыс жұртшылығы, барлық зиялы қауымы әр кез құрмет тұтады.

Бүгінгі күні жетпіс бес жасқа толып отырған ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, зиялы азамат Рахманқұл Бердібайға алдағы уақытта да зор шығармашылық табыстарға жете беріңіз демекпіз.

Университет ректоры, профессор **К.Кенжебаев**

## Аса қадірлі Раха!

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының ұжымы Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіздің ұзақ та мағыналы ғұмырыңыз үлгі-өнегеге толы.

Сізді қазақ халқының үлкен жүректі зиялы азаматы, мемлекетіміздің белді қоғам қайраткері, қазақ әдебиеттану ғылымының көш бастаушыларының бірі деп білеміз. Фольклортану ғылымында да талмай жемісті еңбек етіп, оның теориялық-методологиялық жағынан биіктеуіне үлес қосып келесіз. “Ғасырлар толғауы”, “Жұлдыздар жарығы”, “Достық кемесінде”, “Ел боламыз десек”, “Эпос – ел қазынасы” “Фольклор шындығы”, “Жыршылық дәстүр”, “Айтыс әлемі”, “Дәстүр тағлымы”, “Қазақ тарихи романы” сынды сан-салалы еңбектеріңіз қазақ фольклористикасын, әдебиеттануын байытқан құнды кітаптар.

Қазір рухани астанамыз қасиетті Түркістан қаласының А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде ұстаздық еңбек етіп жатырсыз. Жүздеген шәкірттеріңіздің алды бүгінде ғылым докторлары.

Сіздің ғалымдығыңызды, ұстаздығыңызды, ұлтжандылығыңызды, қайраткерлігіңізді, үлгілі отбасы екендігіңізді мақтан тұтамыз, төбемізге көтереміз.

Ардақты Раха!

Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, баянды бақыт тілей отырып, сізге деген шексіз сүйіспеншілігімізді төмендегі жолдармен білдіргіміз келеді:

Ғылымның күмбезіне көрік берген,  
Әдебиетке жүрегін бөліп берген.  
Өз аға, құтты болсын мерекеңіз,  
Жеміс берсін маңдай тер төгіп келген!

Институт ректоры, п.ғ.д., профессор

С.Ж.Пірәлиев

Көрнекті әдебиеттанушы-ғалым, сыншы, фольклоршы, түркітанушы, қоғам қайраткері, “Түрік дүниесіне қызмет” сыйлығының иегері, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Рахманкүл Бердібайдың 75 жылдық мерейтойына арналған

## ЖЫР-ШАШУ

Бүгін бір той, ақ тілек ақтарылсын,  
Елге үлгі бойдағы ар-намысың.  
Ғылымның биік тауы, ардақты жан,  
Жетпіс бес жас құтты боп, бақ дарысын!

Біз де үн қосып жасаймыз жыр-көдені,  
Дәрістерің болған ед ұрпақ емі.  
Аяулы өз есімің Алашқа аян,  
Ардақтайды өзінді Түркі әлемі!

Қанат жайып, ұша бер ертеңге тік,  
Әдебиеттің кемесін желкендетіп  
Қажыр-қайрат, күшінді елге арнадың,  
Руханият дүниесін өркендетіп!

Әдебиеттің айырып ақ- қарасын,  
Геологы боп қойнауын ақтарасың.  
Ұлылардың жалғасы өзін болдың,  
Керуені ғылымның тоқтамасын!

Кеудеңдегі қазынаң сарқылмасын,  
Өткір ойлар жасындай жарқылдасын.  
Болашақта халқыңа берерің көп,  
Дүрсілдеген жүрегің алқынбасын!

**М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұжымы.**

## **Аса қадірлі Рахманқұл аға!**

Қалың қазаққа қадірлі, Алашқа ардақты, Тұранға тұлға болған Сіздің 75 жылдық мерейтойыңыз – бүкіл елдің тойы. Кешегі кеңестік кезеңнің өзінде ұлт әдебиеті мен тіліне, дәстүрі мен діліне ден қойып, тереңнен қазған қазыналы, зерделі де зерлі зерттеу еңбектеріңіз – халқымыз үшін зор байлық, қазақ фольклорының көш басшысы ретіндегі теңіздей тереңдіктен інжу-маржан жинаған айрықша еңбектеріңіз ұлтымыз үшін – ұстаным.

Бүгінде де Сіз шалдықпай, шабыт тұлпары үстінде келесіз. Бүкіл түркінің рухани астанасы киелі Түркістанда еліміздегі ең ірі Халықаралық қазақ-түрік университетінде дәреметі мол дәріс оқудасыз. Қаламыңыз да қарымын жоғалтқан жоқ. Бір ғана мысал – Сіздің біздің “Жас қазақ үні” газетіндегі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңіне елеңдеген “Хазария қасіреті” атты салмақты да сабақты мақалаңыз қазақ баспасөзін қойып, орыс тілді баспасөз бетінде де үлкен әңгіме өзегі болды.

Кешегі елдің бәрі ұрандап жүрген заманда Тұрандаған түрқы бөлек тұлға – Сіздің 75 жылдық мерейтойыңызбен құттықтай отырып, зор денсаулық, мол бақыт, шалқыған шабыт тілейміз.

**Ізгі ниетпен, “Жас қазақ үні” газетінің редакциясы**

## **Аса қадірменді Рахманкүл аға!**

Шын бақыт жоқ пенде – таудан қарғымай,  
Ету үшін ерді шыншыл, елді “бай”.  
Рух керек тұра алатын қалғымай,  
Рух туын қорғаушының бірі – Сіз  
Қадірлі аға Рахманкүл Бердібай!

Қаншама тұзақ пен қақпандардан, пенделік өзендерінен аман-сау жүзіп өтіп, 75-ші белеске көтерілуіңізбен шын жүректен құттықтаймын. Рух шегініске түскен осындай кезеңде қасымызда өзіңіздей ұлағатты тұлғаның болуы ортақ мақтанышымыз. Жұлдызыңыз жарқырай берсін ағатай!

Республика Президентінің Қырғызстанға келуіне орай тойыңызға қатыса алмайтыныма өкінемін.

**Зор құрметпен,                    Мұхтар Шаханов**

## **Аса құрметті Рахманкүл Бердібайұлы!**

**Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!**

Түркістанда түлеп ұшқан Сіз қазір күллі қазақ халқы, бүкіл түркі әлемі құрмет тұтатын әйгілі ғұламасыз, абзал азаматсыз. Әдебиеттің ақ айдынындағы алғашқы қадамыңызды елуінші жылдары өлең өлкесінен бастаған Сіз алдымен қазақ публицистикасы мен әдеби сыны саласында қажыр-қайрат танытып, әдебиет майданының алдыңғы шебінде жүрдіңіз.

Ана тілінің тағдыры, әдеби мұраны игеру, тарихқа тереңдеу, әдет-ғұрыптарды сақтау мәселелерін қиын-қыстау кездерде батыл көтерген Сіздің мақалаларыңыз тоталитаризм тұсында мүлгіп кеткен халықтың ұлттық сана-сезімін оятуда айтарлықтай қызмет атқарды. Ана тіліне араша түсіп шырылдағаныңыз үшін сіз ұлтшыл атандыңыз, қызметтен қуылып, қуғын көрдіңіз. Бірақ мұның бәрі Сізді ұлттың сөзін сөйлеген тура жолыңыздан тайдыра алмады. Сіздің шығармашылық өмір жолыңыз ұлтқа қызмет етудің асқан үлгісіндей.

Сіз қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихын, соңғы жылдарда туысқан түркі халықтары әдебиетін зерттеуде жемісті еңбек етіп 40 шақты кітап, 1000-ның үстінде мақала жаздыңыз. Әдебиет сыншысы ретінде әдеби процесте жетекші роль атқарғансыз. Сіздің қаламыңыздан шыққан зерттеу еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымына елеулі үлес болып қосылды.

Осы саладағы еңбектеріңіз жоғары бағаланып, “Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер”, “Қазақстанның еңбегі сіңген мәдениет қызметкері” атандыңыз. ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшелігіне сайландыңыз. Түрік тіл қоғамына мүше болдыңыз. Еңбегіңіз тағы да жана берсін!

Қадірлі Раха, Сізге мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз. Ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын!

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі**

**Р.Н.Нұрғали**

## **Ұлтшыл һәм Түркішіл Рахманкүл Бердібайға !**

Қазақ және Түркі халықтарының рухани қазынасына лайықты үлес қосып,  
тарихына жоғалмас із салған үш Арыс бар деп білемін. Олар:

Саясатта Мұстафа Шоқай,  
өлең сөзде – Мағжан Жұмабай,  
ғылымда – Рахманкүл Бердібай.

Жетпіс бес жас – ғұламаның кемел шағы.

Мерейлі мерекең құтты, денің сау, бақытың баянды болсын, Ұлтшыл һәм  
Түркішіл үшінші Арысымыз қадірлі Раха!

Сүйікті жұбайыңыз Бибізада қашанда қасында, балаларың, немерелерің мен  
шөберелерің әрдайым ойыңнан шығып, қуанта жүрсін!

**Достық көңілмен**

**Сапабек ӘСІПҰЛЫ**

## **Қымбатты Раха!**

Халқының асқақ мұратын аркалап, асыл қазынасын бар әлемге паш етіп жүрген ұлтының адал перзенті, адуынды қаламгер, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз Рахманқұл бауырым, мерейтойың құтты болсын. Осы биік тұғырыңнан көріне бер.

**Академик**

**Әбдуали Қайдар**

---

## **Құрметті Раха!**

Сізді 75 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Шығармашылық табыс, баянды бақыт, зор денсаулық тілеймін. Түркі әлеміндегі беделіңіз арта берсін!

**Академик**

**Зәки Ахметов**

---

## **Қымбатты Раха!**

Қазақ халқының мақтанышы, үлкен ғалымды мерейтойымен құттықтаймыз, денсаулық, отбасына бақыт тілейміз.

**Халық жазушысы    Сафуан Шаймерденов**

---

## **Қымбатты Раха!**

Мерейтойыңыз құтты болсын. Өміріңіз ұзақ, бақытыңыз баянды, ұзағынан болсын. Сіздің қазақ халқының ғылымы мен өнер-білімінің өсіп-дамуына қосқан үлесіңіз ұшан-теңіз. Шығармашылық қайратыңыз сарқылмасын, сіздей үлкен ғалымның алтын қаламы мұқалмасын да, қолыңыздан түспесін. Сізді туған халқыңыздың жанашыры, мақтанышы ретінде ұзақ жылдар бойы көре берейік.

**Профессор**

**Оразгүл Нұрмағамбетова**